

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 6 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 сәуірде № 7024 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округінің әкімінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округінің әкімінің 03.07.2020 № 8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті Темір аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 2-14-17/ 83 ұсынысы негізінде Қайыңды ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түйе малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Қайыңды ауылдық округі Құмқұдық ауылы Ағатай жайлауында орналасқан "Номад-Келбатыр" шаруа қожалығының аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қайыңды ауылдық округінің әкімі*

*Р. Рашев*